

**Ресми рецензент Аяпбергенова Гульсум Сағындықовнаның
6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Жапанова Риза Набиевнаның
«Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын
қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациясы туралы
жазбаша пікірі**

р /н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Жапанова Риза Набиевнаның 6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде орындалған, себебі оның мазмұнында: «Еліміздің білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру және басқалар» деп көрсетілген.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, өйткені ұлт денсаулығы – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Салауатты өмір салтын ұстану мен денсаулықты дұрыс сақтау – жас буынның жан-жақты дамуына әсер ететін маңызды алғышарттардың қатарында. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың денсаулығын қорғау мен олардың салауатты өмір сүру

			<p>дағдыларын қалыптастыру басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Ал оның маңыздылығы жақсы ашылған, яғни бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру – әлеуметтік, теориялық және практикалық тұрғыдан қарастырылатын көпқырлы мәселе. Оның әлеуметтік қыры – оқушының қоғамдағы салауатты өмір салтының мәні мен маңызын түсініп, оны қажетсінуінен байқалса, теориялық қыры – денсаулық сақтау мәдениетіне байланысты білімнің мазмұны мен аға буын ұрпағы жинақтаған тәжірибені сабақтастықпен меңгертуге негізделеді. Ал практикалық қыры – салауатты өмір салтын насихаттау мен енгізудің мазмұны, әдіс-тәсілдері мен қолданылатын құралдары арқылы көрініс табады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>1) жоғары, себебі зерттеу барысында бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың әдіснамалық негіздері айқындалған. Бүгінгі өркениетті елімізде адам денсаулығын қалыптастыру және нығайту – медицинаның ғана міндеті емес, қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында барлық қоғамды жалпы алғанда, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан жағдайында білім және табиғат пен адамның терең мәнін, оның психикалық және рухани жағдайын түсіну арқылы ғана шешімін табатын білім беру жүйесінің де міндеті екендігі негізделген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>1) негізделген, өйткені зерттеу барысында, қазіргі қоғамның талаптары артып келе жатқан жағдайда өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау мен бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық негіздердің жеткілікті деңгейде қарастырылмауы өзекті мәселе болып отыр. Сонымен қатар, бұл үдерісті жүзеге асыру барысында білім алушылардың жасына және жеке</p>

		ерекшеліктеріне жеткілікті мән берілмеуі, салауатты өмір салтына тәрбиелеу мен қалыптастыру жағдайының қазіргі ахуалы мен мемлекеттік саясаттың талаптары арасында бірқатар сәйкессіздіктермен қарама қайшылықтардың туындауына себеп болуда. Осы орайда, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық
		шарттарын айқындау, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларының қалыптасуын табысты әрі тиімді тәрбиелік жолға қою қажеттілігі туындап отырғандығы негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	1) айқындайды. Зерттеу жұмысының мазмұны таңдалған тақырыптың мазмұнын толық әрі жүйелі түрде айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу барысында қойылған міндеттер жұмыстың негізгі тақырыбы аясында туындайтын ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған. Әрбір міндет диссертацияның жалпы мақсатына жетуге қызмет етеді және тақырыптың мазмұнын нақтылай түседі. Бұл өз кезегінде зерттеу жұмысының логикалық құрылымын қамтамасыз етіп, ғылыми нәтижелердің дәйектілігін арттырады.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара толықтай логикалық байланысқан. Жұмыс құрылымы жоспарға сәйкес құрастырылып, кіріспеден бастап екі негізгі бөлім арқылы мазмұн бірізділігі мен қисындылығы сақталған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	1) сыни талдау бар, өйткені зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогика ғылымындағы бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру мәселелерін шешуге арналған. Диссертацияда алынған ғылыми

		<p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы бар, өйткені зерттеудің ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделуі, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру моделін әзірлеуге және де жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру мәселелері бойынша кең көлемде педагогикалық қоғамдастыққа бірқатар ғылыми негізделген әдістемелік әзірлемелерді ұсынуға мүмкіндік береді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>1) толығымен жаңа, яғни <i>Бірінші нәтиженің жаңалығы</i>, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың тұжырымдамасының теориялық талдауы негізінде «өмір салты», «денсаулық» ұғымдарын мәні нақтыланып, «бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» ұғымының авторлық анықтамасы берілген;</p> <p><i>Екінші нәтиженің жаңалығы</i>, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары жасалған;</p> <p><i>Үшінші нәтиженің жаңалығы</i>, жас ерекшеліктері ескеріле отырып, білім алушылардың салауатты өмір салты дағдылары қалыптасу деңгейлерінің өлшемдері мен көрсеткіштері анықталып, білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру моделі құрастырылған;</p> <p><i>Төртінші нәтиженің жаңалығы</i>, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру әдістемесі әзірленген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>1) толығымен жаңа, себебі Бірінші нәтиже бойынша, автор "Қазақстан-2030" стратегиясына сәйкес салауатты өмір салтын қалыптастыру және ынталандыру мәселелерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 3.12.97 ж. № 1678 қаулысымен ҚР Денсаулық сақтау,</p>

білім және спорт министрлігі жанында Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының Ұлттық Орталығы (СӨСҚП ҰО) құрылғанын анықтаған. Соның негізінде бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруды әдіснамалық тұрғыдан негіздеп, бастауыш мектеп мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық мәнін сипаттаған.

Екінші нәтиже бойынша, диссертант бастауыш мектептегі практика материалдарын талдау барысында көрсетілген бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын сыныптан тыс іс-шаралар арқылы қалыптастыруға арналған педагогикалық шарттарды ұйымдастыру әдістері мен алынған эмпирикалық деректер негізінде, автор бұл бағыттағы арнайы құрылған біртұтас жүйенің тиімділігін айқындаған.

Үшінші нәтиже бойынша, автор педагогика ғылымында модельдеу процесі аталған дағдыларды қалыптастырудың құрылымдық компоненттерін айқындауға, оны жүзеге асыру технологиясын әзірлеуге, ұйымдастыру кезеңдері мен түрлерін, қолданылатын әдіс-тәсілдер мен бағалау өлшемдері мен көрсеткіштерін нақтылауға, сондай-ақ диагностикалық құралдарды іріктеп алып, барлық элементтерді біртұтас құрылым ретінде жүйелі түрде жүзеге асыруға жағдай жасайтындығын тұжырымдаған. Жүргізген эмпирикалық мәліметтер талдауы және қала мектептеріндегі білім алушылардың салауатты өмір салты тәрбиесін арнайы бақылау нәтижесі авторға бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың моделін құрастыруға мүмкіндік берген.

Төртінші нәтиже бойынша, диссертанттың қалыптастырушы эксперименттің негізгі мақсатын әзірленген әдістемені сынақтан өткізу

			және оның дайындығын тексеру деп анықтаған. Осы мақсат негізінде қалыптастырушы эксперимент міндеттері анықталған, олар: іс-шаралар жүйесін әзірлеу және қолдану, білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруда ең тиімді формалар мен әдістерді анықтау, бұл ретте салауатты өмір салты динамикасын анықтай отырып, білім алушылардың анықтаушы эксперименттен кейінгі салауатты өмір салты дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау. Эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінде таңдау пәні бойынша сыныптан тыс сабаққа арналған «Саулық сыры» әдістемелік құралы апробациядан өткізілген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1) толығымен жаңа, себебі, бастауыш мектеп білім алушыларына арналған сыныптан тыс сабақтарда «Саулық сыры» әдістемелік құралында ұсынылған бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстардың сәттілігі эксперимент жүзінде расталды, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру деңгейінің жоғарылауына ықпал еткен. Осыдан туындайтын қорытынды – салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған әрекеттерге деген тұрақты мұқтаждық байқалған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді;	7.1 Қорғауға шығарылатын ережелер дәлелденді. Дәлелдеме зерттеудің негізгі теориялық ережелерімен,

	<p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>эксперименттік мәліметтерді талдаумен, зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеумен, диссертациялық зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкес келуімен қамтамасыз етіледі.</p> <p>7. 2 Жоқ, ережелер тривиалды емес, өйткені олар жаңалыққа ие.</p> <p>7.3 Иә, диссертациялық зерттеудің ережелері жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі орташа, өйткені теориялық зерттеудің, сондай-ақ тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері «Бастауыш мектеп оқушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» атты оқу-әдістемелік құрал мен «Саулық сыры» электрондық оқу құралын педагог кадрлардың біліктілігін арттыру саласында да қолданыла алады</p> <p>7.5 Иә, дәлелденді, себебі негізгі ережелер, зерттеу нәтижелері, қорытындылар автордың ғылыми жарияланымында көрініс тапқан.</p>	
8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған аппараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми</p>	<p>1) иә, өйткені теориялық-әдіснамалық және практикалық дәлелденуімен; зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратпен сәйкестілігімен; зерттеу пәні мен міндеттеріне сай қолданған әдістер кешенімен; эмпирикалық материалдың статистикалық өңдеуі, әзірленген жұмыстардың бастауыш мектепте және жоғары оқу орындары практикасына енгізумен қамтамасыз етіледі.</p> <p>1) иә, өйткені қалыптастырушы тәжірибе барысында эксперимент тобындағы бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру деңгейінің</p>

		<p>зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>өсу динамикасын зерттеу әзірлеген. «Саулық сыры» атты әдістемелік құрал бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған сыныптан тыс сабақтар барысын бақылау, арнайы сауалнама, тестілеу, сауалнама жүргізу және олардың көріну критерийлерін белгілеу арқылы жүргізілген. Сонымен қатар, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың тиісті деңгейіне сәйкес орташа саны барлық өлшемдер мен көрсеткіштер бойынша математикалық түрде есептелген.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>1) иә, себебі эксперименттік жұмыс нәтижелері эксперименттік сыныптардағы білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру деңгейіндегі оң өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берген. Олардың көпшілігінде салауатты өмір салты туралы сауаттылық деңгейі жақсарып, күн тәртібі мен дене гигиенасын сақтайтын, спорт секцияларына қатысатын, таңғы жаттығумен айналысатын балалар саны артып, жеке қасиеттерінде оң өзгерістер болған. Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде алынған эксперименттік мәліметтер бастауыш мектеп білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын сыныптан тыс жұмыстар процесінде қалыптастырудың дамыған тұтас жүйесінің ерекше практикалық маңыздылығын дәлелдеген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жоқ.</p>	<p>бар, өйткені ғылыми жұмысты зерттеу барысында бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың</p>

			әдіснамалық негіздері айқындалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	1) иә, «Саулық сыры» атты электронды оқу құралы әзірленген, таңдау пәні бойынша сабаққа арналған әдістемелік құрал, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектеп оқушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» атты оқу-әдістемелік құрал жарық көрген
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1) толығымен жаңа, яғни зерттеуден алынған нәтижелерді және соның негізінде тұжырымдалған ұсыныстарды жоғары оқу орындарында болашақ жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдерін дайындауда және білім беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарында, сонымен қатар мұғалімдер, тәрбиешілер, ата-аналар үшін тәрбие жұмысына байланысты әдістемелік ұсыныстар әзірлеуде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	1) жоғары, себебі Жапанова Риза Набиевнаның «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының жазу және безендіру сапасы жоғары, ғылыми жаңалығы дәйекті, практикалық құндылығы жоғары және жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс болып саналады.
11.	Диссертацияға ескертулер		«Бастауыш мектептің тұтас педагогикалық үдерісінде білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру әдістемесі бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижелері» атты бөлімде жұмыс формаларын неғұрлым егжей-тегжейлі талдау орынды болады. Жұмыста стилистикалық және техникалық қателер бар. Бұл кемшіліктер кеңестік сипатта болады және диссертацияның жоғары ғылыми-теориялық деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында)		Зерттеу жұмысының негізгі идеялары, әдістері, принциптері, жасалған талдаулары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы ізденушінің халықаралық, республикалық, ғылыми-тәжірибелік конференциялары мен түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген. Докторанттың келесі мақалалары зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жоғары деңгейде жазылған: 2 мақала – SCOPUS базасына кіретін журналда, ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған басылымдарда 5-мақала, алыс шетел ғылыми басылымдарында және

	<p>корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p> <p>халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға шыққан мақалары бар. Сонымен қатар, 1 оқу құралы, 1 электронды оқулық, 1 әдістемелік нұсқаулық шығарылды.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Ережені 4.10-тармағына сәйкес)</p>	<p>Жапанова Риза Набиевнаның «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының өзектілігі мен нәтижелілігін есепке ала отырып, Жапанова Риза Набиевнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп тұжырымдаймын.</p>

Ресми рецензент:
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің
қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD)



Г.С. Аяпбергенова

